

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 ақпандағы N 175 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 943 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 943 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 39, 520-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацындағы "департаменттері" деген сөз "басқармалары" деген сөзбен ауыстырылсын;

10 - тармақта:

мемлекеттік саясатты қалыптастыру саласында:

1) тармақшада:

"белгілеудің" деген сөз "есептеудің" деген сөзбен ауыстырылсын;
"(бағаларды, алым ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

мемлекеттік саясатты іске асыру саласында:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдаулар өткізуді;"

мемлекеттік саясатты іске асыруды бақылау саласында:

2) тармақшада:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"табиғи монополия субъектісінің ол үшін "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен рұқсат етілген өзге қызметті жүзеге асыруына;"

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"табиғи монополия субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін

акциялардың (үлестердің) он пайыздан астамын жеке немесе заңды тұлғалардың (немесе тұлғалар тобының) сатып алуына;

мүліктік жалдау шартын жасасу табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің артуына, тұтынушылармен шарттардың бұзылуына, үзіліссіз байланыстағы технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемінің үзілуіне не едәуір төмендеуіне әкеліп соқпайтын жағдайда табиғи монополия субъектісінің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген теңгерімдік құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімге сәйкес оның активтерінің теңгерімдік құнының 0,05 пайызынан асатын реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына ; " ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпеушілік әдістемелерін қолдануды;"

5) тармақшада :

"(бағаларды, алым ставкаларын)", "(бағаға, алым ставкасына)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін", "немесе оның шекті деңгейіне" деген сөздермен толықтырылсын;

"енгізумен" деген сөзден кейін "тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатсыз пайдаланумен, тарифтік сметаның шығын баптарын атқарудың бекітілген мөлшерінен бес пайыздан астам ауытқуымен" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша "(бағаларды, алым ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша алынып тасталсын;

11 - тармақта :

1) тармақшадағы "Табиғи монополия саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілерді Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне" деген сөздер "табиғи монополиялар салаларындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілерді табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "реттейтін" деген сөзден кейін "және бақылайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада :

"табиғи монополия" деген сөздер "табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"реттейтін" деген сөзден кейін "және бақылайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) табиғи монополиялар субъектілеріне, мемлекеттік органдарға олар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзған жағдайда, орындауға міндетті нұсқамалар, оның ішінде табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру туралы және (немесе) мүлікті иеліктен айыру туралы нұсқамалар енгізуге;" ;

10) тармақша "тұтынушылармен" деген сөздің алдынан "реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметаларын өзгертуге бастамашылық жасауға;" ;

12) тармақша алынып тасталсын;

14) тармақшадағы "қызметтеріне" деген сөз "реттелетін қызметтеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде мәтіндегі "департаменті" деген сөз "басқармасы" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі